



газета издаётся с 26.06.2004 года

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 18/610

03 мая 2019 года

Вестник

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЛІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде бүгінгі мерекенің еліміздегі барлық халық пен ұлт өкілдерін біріктіретінін айтты.

— Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде Қазақстандағы ұлтаралық келісімнің маңызы зор екенін атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстан бүгінде көптеген ұлт өкілдерінің киелі шаңырағына айналды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті көп этносты, көп конфессиялы еліміздің келешегі туралы түрлі теріс болжамдар айтылғанына қарамастан, Елбасының ортақ Отанымызда бейбітшілік пен келісімді сақтай білгенін айтты.

Мемлекет басшысы Алматының Қазақстан тарихындағы маңызды рөліне назар аударып, осы қалада мемлекетіміздің тәуелсіздігі жарияланғанына тоқталды.

— Алматы әрқашан өзінің әсемдігімен ерекшеленеді. Алматылық — қайталанбас бренд әрі шынайы интернационализмнің жарқын үлгісі. Бүгінде қала еліміздің іскерлік, қаржы, мәдени, оқу-ағарту және туристік орталығы. Сондай-ақ, Алматы — жаңа жұмыс орындарын ашып, қала бюджетінің кірісін арттыруға үлес қосып отырған шағын және орта бизнестің тартылыс орталығы, — деді Қазақстан Президенті.

— Біз экология мен ауа сапасы, инфрақұрылым және қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін бірлесе шешуіміз қажет. Қаламыз тұрғындар мен шетелдік қонақтар үшін жайлылығы тұрғысынан үлгі болуы керек. Автокөліктер мен энергиямен қамтамасыз ету салаларында экологиялық таза технологияларға өтетін уақыт жетті, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әртүрлі этникалық топ өкілдерінің өзара сыйластығының, ауыз-

біршілігі мен жасампаз еңбегінің арқасында Тәуелсіздігімізді нығайтып, экономикада табыстарға жеткенімізді атап өтті.

— Бүгінде әрбір қазақстандық қай этникалық топқа жататына қарамастан өздерін біртұтас үлкен отбасының мүшесі сезінеді. Бірлік пен келісім — халқымыздың қиын-қыстау жылдарда да сақтай білген құндылықтары.



«Әралуандықтан бірлікке» — біздің саясатымыздың мәні. Бәріміз бірге өзіміздің еңбексүйгіштігімізбен, табандылығымызбен ғана қуатты әрі дамыған мемлекет құра аламыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушылардың бәрін Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтап, бақыт, амандық және жаңа табыстар тіледі.

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА

В ходе рабочей поездки в Алматы Глава государства Касым-Жомарт Токаев принял участие в праздничном мероприятии на площади Абая перед Дворцом Республики и поздравил всех с Днем единства народа Казахстана, сообщает Inform.kz.

В приветственном слове Касым-Жомарт Токаев отметил особое место южной столицы в становлении Казахстана.

день для меня большая честь и удовольствие находиться в этом прекрасном городе, где я родился, окончил школу, начал работать на благо Независимости Казахстана. Алматы всегда отличала особая аура. Алматинец — это неповторимый бренд и образец подлинного интернационализма. В наши дни город является деловым, финансовым, культурным, образовательным и туристическим центром страны», — сказал Президент РК.

Он отметил, что Алматы — это центр притяжения малого и среднего бизнеса, который создает рабочие места. Также Глава государства подчеркнул, что город сыграл особую роль в истории страны.

«Именно здесь в декабре 1986 года произошло событие, которое повлияло на развитие всех республик бывшего Советского Союза. Здесь была принята декларация о нашей Независимости. С Алматы связаны судьбы миллионов казахстанцев и всей страны», — напомнил Глава государства.

«Наша главная цель — благосостояние и качество жизни людей. Нам предстоит вместе решать проблемы экологии, инфраструктуры, общественной безопасности. Наш город, и это откровенно, становится образцовым в плане комфорта для его жителей и иностранных посетителей. Наступило время перехода на экологически чистые технологии для автотранспорта и в сфере энергообеспечения. Именно в Алматы мы будем создавать рабочие места для выпускников вузов и в целом для молодежи», — заявил Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства отметил, что Алматы издавна населяют представители разных национальностей и этнических групп, все они вносят значительную лепту в сохранение мира и согласия.

АССАМБЛЕЯ: ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ - ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ САҚТАУ

НҰР-СҰЛТАН. ҚазАқпарат - Қазақстан халқы Ассамблеясы барша қазақстандықтарды Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтады, деп хабарлайды ҚазАқпарат ассамблеяның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ассамблеяның жазуынша, бұл мереке еліміздің барлық азаматтарын біріктіретін

орасан зор әлеует - достық пен өзара түсіністіктің жарқын мерекесіне айналып отыр. «Татулық пен келісім құндылықтары Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саясатының әрдайым аса маңызды басымдықтары болды. Соның арқасында қоғамымыздың көп этносты болуы, мәдениеттер мен тілдердің алуан түрлілігі біздің артықшылығымыз бен жетістігімізге, Қазақ-

стан дамуының берік негізіне айналды. Айтулы мерекені бірліктің, өз Отанымыздың болашағы үшін ортақ жауапкершіліктің ерекше атмосферасында атап өтудеміз. Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясы қазақстандықтардың табысты да қарқынмен дамитын Қазақстанды құру үшін белгіленген барлық жоспарларды іске асыруға бірге ұмтылатынын тағы да көрсетіп

берді» делінген құттықтауда.

«Біздің ынтымақтастығымыз одан әрі бекіп, нығая берсін, ал жүректерімізді ортақ жеңістеріміз үшін мақтаныш кернесін. Ұлы Даланың әр үйіне бақыт пен береке, татулық пен табыс тілейміз» деп жазады ассамблеялықтар.

депеккөз: <https://www.inform.kz>

В память о Великой Победе

НҰР-СҰЛТАН. КАЗИНФОРМ - В преддверии Дня Великой Победы повсеместно во всех воинских частях и учреждениях Вооруженных Сил Республики Казахстан проводятся памятные мероприятия и встречи с ветеранами Великой Отечественной войны, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу МО РК.

Отдавая дань уважения этому Великому дню военнослужащие местных органов военного управления города Нур-Султан, воспитанники республиканского детско-юношеского движения «Жас Сарбаз» поздравили ветерана Великой Отечественной войны Александра Торкина со 100-летним юбилеем. А.П. Торкин с 1939 года по август 1940 года воевал на фронтах советско-финской войны, а в 1941-1945

ПАМЯТНЫЕ ВСТРЕЧИ С ВЕТЕРАНАМИ ВОВ ПРОВОДЯТСЯ В ВОИНСКИХ ЧАСТЯХ ВС РК

годах - на фронтах Великой Отечественной войны, пройдя путь от Москвы до Кенигсберга. Награжден орденами «Красная Звезда», Отечественной войны 1-й и 2-й степеней, медалями «За отвагу», «За оборону Москвы», «За освобождение Польши», «За взятие Кенигсберга».

— «Пройти достойно жизненный путь непросто. К счастью, нынешнее поколение не знает, что такое война. Цените жизнь и посвящайте ее славным делам!» — обратился ветеран к своим гостям.

Кроме того, в преддверии Дня Великой Победы в Шымкентской республиканской школе «Жас улан» состоялась встреча с ветераном Великой Отечественной войны Султанбеком Торегелди, уроженцем Турке-

станской области. В ходе встречи ветеран рассказал юным патриотам о суровых годах войны, подвигах молодых солдат, защищавших свою Родину. Руководство школы отмечает, что героизм и преданность ветерана всегда будет примером для подрастающего поколения и поздравили с праздником Победы в Великой Отечественной войне. С.Торегелди награжден орденом «Отечественной войны», медалью «За отвагу» и юбилейными медалями. В честь ветерана жасулановцами была подготовлена концертная программа.

Военнослужащие, курсанты и воспитанники военных учебных заведений Министерства обороны на постоянной основе проводят встречи с ветеранами Великой



Отечественной войны, оказывают им помощь по хозяйству, проводят беседы, организуют различные мероприятия.

Источник: www.inform.kz

